



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

3. Жұмағұлов, Қ.Т. Ыбырай Алтынсарин және қазақ халқының мәдениетін дамыту. Алма – Ата. – 1984 ж. 204 б.

4. Ситдыков А.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. Алматы: Мектеп, 1968 ж. 148 б

ӨОЖ 37.034

Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН С.КУБЕЕВТИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ САЛАҒАДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ

*Бегалиева Н.Т., Шапшанова Г.Б.
Қызылорда облысы білім басқармасының
«М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Қызылорда қ аласы, Қазақстан
E-mail: nazqul78.12.08@mail.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада Ы.Алтынсарин мен С.Кубеевтің оқулықтарында, әдістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін көтеріп, өзектілігін шешуге ұмтылады және қазақ халқына білім берудің рөлін және оның маңызын, оның әлеуметтік ортаны қайта жаңғыртудағы рөлін көрсетеді.

***Түйінді сөздер:** Ы.Алтынсарин, С.Кубеев, оқу – тәрбие, шығармалар, мектеп*

Аннотация

В этой статье Ы.Алтынсарин и С.Кубеева в учебниках и методических работах они поднимает вопросы обучения и воспитания подрастающего поколения, стремится решить их актуальность, показывает роль и значение образования для казахского народа, его роль в возрождении общественного среда.

***Ключевые слова:** Ы.Алтынсарин, С.Кубеев, образование, произведения, школа*

Abstract

In this article Y.Altynsarin and S.Kubeeva in textbooks and methodical works, they raise the issues of training and education of the younger generation, seek to solve their relevance, show the role and importance of education for the Kazakh people, its role in the revival of the social environment

***Key words:** Y. Altynsarin, S. Kubeev, education, works, school*

Заманауи әдістерді тереңдете қолданып оқыту мен тәрбиелеудің жаңа сапасын қамтамасыз ету қазіргі заман талабынан туындап отырған мәселе. Жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу – тәрбие үрдісінде балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру білім сапасын арттыруға, ұлттық ерекшелік пен білім мазмұнын жетілтіріп нақты нәтижеге қол жеткізу, білім сапасы мен шығармашылық ізденіс деңгейін арттыру арқылы мұғалімнің кәсіби қызметін жаңарту, баланың құзіреттілігін қалыптастыру, оларға рухани – адамгершілік тәрбие беру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне сай ұлттық негізде көзқарастарын қалыптастыру бағытында жұмыстар заман талабына сай жүргізілуде.

«Білім – ержүрек батырдың тәжі мен даналықтың алтын алқасы» десек, қазіргі уақытта білім берудің өзіндік жоспарлары, ұлттық үлгісі қалыптасуда. Сауатты ұрпақты тәрбиелеу үшін ұстазға жүктелген жауапкершілік өте жоғары. Ұстаз – ұлы тұлға. «Ұлылықтың басында ұстаз тұрады» дейді дана халқымыз. «Әрбір бала – болашақтың данышпаны» десек, бала бойындағы талантты ашатын – ұстаз. Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет. Педагогикалық шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі.

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң–мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзенттік махаббаттын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш – жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған.

Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал еткен. Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі – Ыбырай Алтынсарин.

Ол бүкіл ғұмырын қазақ балаларын оқытуға, мектеп ашуға сарп еткен. Ыбырай Торғайда мектеп ашуға кірісіп, он тоғыз жыл ішінде он бір мектеп ашқан. Бұл оңай шаруа емес. Бір шеті мен екінші шетіне ұшса құс қанаты талатын Торғай облысының ауылдарын қысы – жазы аралап, жалынып – жалпайып жұрттан тиындап ақша жинау үшін шыдам керек. Оның үстіне қараңғы халықтың көбі үмітпен емес, күдікпен қарап, «балаларымызды шоқындырып жібереді» деуі, өзін «шоқынды» атауы

жүрегіне инедей қадалады. Түсінгендері қолдарынан келген көмектерін аямай, барын ұсынады, отын, кірпіш дайындауына қол ұшын береді. Ең сорақысы – чиновниктердің шовинистік көзқарастары, қазақ даласында мектептер салуға қарсылығы, аяқтан шалып, қудалауы, өтірік – өсек қаулауы... Осының бәріне төзіп, қолға алған ісін тоқтатпауы – Ыбырайдың ерлігі, елін шексіз сүйгендігі.

Ыбырай мектеп ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол қазіргі уақытта да көкейтесті мәселелердің бірі болып отырған жан – жақты, білімді, ұстамды, өзіндік пікірі бар мұғалім дайындау және ұлттық тәрбиенің құндылықтары сияқты мәселелерді де тысқары етпеді. Мұғалім – мектептің негізгі тұтқасы екендігін жақсы түсінген Ыбырай сол мектептегі тәлім – тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу – тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Бұл ретте ол мұғалінің атқаратын рөлін жоғары бағалады. Оның «Халық мектептері үшін ең көрнектісі – мұғалім. Тамаша, жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды», – деп жазуы мұғалім мамандығының қоғамда қаншалықты орын алатындығын және беделінің зор екендігін көрсеткен.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік – рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани – адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата – аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым – қатынастарынан көрінеді.

Ы.Алтынсарин өзінің барлық оқулықтарында, әдістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін көтеріп, өзектілігін шешуге ұмтылады және қазақ халқына білім берудің рөлін және оның маңызын, оның әлеуметтік ортаны қайта жаңғыртудағы рөлін көрсетеді.

Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аянған күштірек», «Мейірімді бала», «Палқан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Тәкаппаршылық» т.б. бұл әңгімелері жастарды әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейді. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні жастарға өнегелі тәрбие беру екендігін көреміз.

Ол өзінің «Сәтемір – хан», «Талаптың пайдасы», «Зиректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқа әңгімелерінде балаларды білім алуға, зирек болуға үгіттеді. Автор өзінің әңгімелерінде ұлттық сана мен мәдениетін, қазақтың дәстүрлі ұлттық салтымен келбетін сақтап одан әрі дамуын біліммен байланыстырды. Қазақ халқының өзге ұлттан кем болмауын көздеді, соны дәріптеді, өз халқының прогрестік жолы оқу білімде, деп білді. Ұлы ағартушының әдеби шығармаларында көрініс тапқан ағартушылық идеяларының тәрбиелік рөлі күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ.

Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог – жазушы Спандияр Көбеев. Өз ұстазының жолын үлгі тұтып, ағартушылық идеясын педагогтік қызметі арқылы насихаттаған.

Спандиярдың әкесі Кебей – мұсылманша хат таныған, шыншыл, қолөнерімен, етік тігу, балташылдық кәсіппен күн көрген адам. Ол балаларын оқыту үшін барын салған. Анасы Айтбоз да, жазушының өзінің айтуынша, өте қайратты және есті, ауылдың ортақ анасы сияқты қадірлі адам болған. Отбасындағы үлгілі тәрбие болашақ педагог – жазушының мінез – құлқының қалыптасуына да әсер еткен.

Спандияр мектеп жасына жетіп қалған кезде ауылда «Ыбырай Алтынсарин мектеп ашады» деген хабар тарап, әкесі баласын осы мектепке орналастыруды армандаған. Бірақ мектеп ашу ісі созылыңқырап кетеді де, Көбей тоғыз жасар Спандиярды ескіше оқуға береді. Алайда діни – схоластикалық мектептің адам тезбестік қатал дене жазасына шыдай алмай, Спандияр оқуды тастап кетеді.

1887 жылы Ыбырай мектебі ашылады да, Спандияр ұлы ағартушының өз көмегімен сол мектепке орналасады. Оны 1892 жылы бітіреді. Содан кейінгі жылдары Қарағайлыкөл деген жердегі төрт жылдық болыстық мектепте (1892–1895), Қостанай қаласындағы екі кластық орыс – қазақ мектебінде (1895–1897) оқиды.

Болашақ педагог – жазушы бұдан кейін тағы да оқып, мұғалім болып шығуды армандайды. Жүрегі надандық торына шырмалған өз халқына деген сүйіспеншілік пен оған білім шырағын жағу үмітіне толы жас жігіт жердің шалғайлығына қарамай Қостанайдан мың шақырымдай Ырғыз уезіндегі Толағай болысына Кішіқұм деген жерде алғашқы ұстаздық қызметін бастағаннан өмірінің соңына дейін осы қызметін тастамаған. Арнаулы салған мектеп үйінің жоқтығы, жабдықтар мен оқу құралдарының жетпеуі, балаларын орысша оқытуға наразы ел ішіндегі надан көзқарас, осындай келеңсіз жағдайлармен жас мұғалім жалғыз күреседі.

1905 жылғы революция әсерімен ерте оянып, феодалдық құрылысқа, ескі әдет – ғұрыпқа қарсы шығады. 1908 жылы «Қалың мал» атты реалистік романын жазады. 1913 жылы «Қалың мал»

романы – қазақ әдебиеті тарихындағы қара сөзбен жазылған алғашқы көлемді шығармалардың бірі. Роман тақырыбы – әйел теңсіздігі мен жастардың бас бостандығы мәселесі. Тақырыпты таңдау және жазу себептері жайлы жазушының өзі былай дейді: «Романды жазуға тағы бір ең басты себеп болған нәрсе – қазақ әйелінің қас жауы, қазақ әйелдерін теңсіздікке, қорлық – зорлықта тұтып, малға теңеген феодалдық салтқа қарсы күрес жүргізу мақсаты еді. Демек, роман арқылы феодалдық шірік салтты әшкерлеу, қалың халық бұқарасын одан бездіру, әйелдерді азаттық күреске шақыру еді».

XX ғасырдың бас кезіндегі халықты отаршылдықтан азат ету, теңдік үшін әлеуметтік күрес кезінде қазақ әйелдерінің тағдыры айрықша көзге түскен. Қалың мал, көп әйел алушылық, әмеңгерлік салттары ескіріп, оған қарсылық та молая бастаған. Теңіне бара алмаған, әйел үстіне тоқалдыққа малға сатылған қыз ғана емес, оның тілектестері – анасы да, жеңгесі де, сіңілісі де, қыздың сүйген жігіті де, жаны ашыр ағайыны да, туған – туысқаны да қыз мұнына қосылып дауыс көтерді. Ол кездегі әлеуметтік теңсіздік мәселесін әңгіме еткенде, ең алдымен әйел мәселесі сөз болатын себебі де осында. «Қалың мал» романында қазақ әйелінің теңсіздігімен бірге ескі патриархалдық әдет – ғұрып сыналады, қазақ аулындағы таптық жіктелушілік пен байлардың қалың, бұқараға жасап отырған озбырлығы суреттеледі. Ол феодалдық салт – шырмаудан босатып, әйелді сүйгеніне қосуды, қалың малды жоюды ұсынады. Екіншіден, байлардың зорлығына қарсы кедейлердің бой көтеруін мақұлдайды.

Сөйте жүріп, балаларға арнап «Үлгілі бала» асыл туындысын дүниеге әкеледі. Бұл – бастауыш мектептегі қазақ балаларына арналаған оқу кітабы. Бұл кітапқа өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс классиктерінің балаларға арналаған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, табиғат жайлы мәлімет беретін шағын әңгімелерді кіргізген. «Үлгілі балаға» С. Көбеевтің бірақтар төл шығармалары да кірген. Олар – қоғамдық теңсіздікті үстем таптың қатыгез мінезқұлқын суреттейтін, жетім – жесірлердің аянышты тұрмысын көрсететін өлеңдер мен әңгімелер. Бұл шығармалар негізінде педагог – жазушы жас ұрпақтың таптық қайшылықты түсінуіне, олардың бойына адамгершілік сезімдердің ұялауына көмектесуді көздеді.

1951 жылы жарияланған «Орындалған арман» мемуарлық кітабының орны ерекше. Кітап өңделіп, 1954 жылы екінші рет басылды. «Орындалған арман» – педагог – жазушының өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі, ортасы мен дәуірі жайлы шығарма. Онда автор заман шындығын әр қилы оқиғалар мен адамдар тағдыры арқылы көрсетеді. Кітапты оқып отырып, ең алдымен, өз ғұмырын халқына арнаған, талай қилы кезеңдер, қалтарысы мол жылдардан өтіп, өз еңбегінің жемісіне ие болып, республиканың көрнекті қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген қарт педагог – жазушының бейнесі көз алдыңнан өтеді. Кітапта сол адамның күрескерлікке толы ескі және жаңа өмірі нанымды суреттеледі.

Айналасында болып жатқан өзгерістерге бақылаушы болып сырттан қарап тұрмай, біте араласып жүреді. Сондықтан оның қандай оқиғаға болмасын өз көзқарасы, өз қатынасы бар. Ескі қазақ ауылындағы тап тартысы, байлар мен кедейлер арасындағы кейін саяси бағыт алған стихикалық соқтығысулар, жер дауы, жесір дауы, 1905 жылғы алғашқы орыс революциясының қазақтарға әсері, 1916 жылғы көтеріліс, орыс – қазақ достығының нығаюы жайын кейде кесек оқиғалар, кейде шағын эпизодтар арқылы айқын көрсетіп отырады. Шығарманың негізгі кейіпкері ел басындағы ауыртпашылықты бірге көтереді, қолынан келгенін халық мүддесі жолына жұмсайды. Қараңғылық пен надандықтан халқын құтқарып, ілімнің ұрығын себуге талаптанған ол бала оқытады, елді тәрбиелеуге көмектесерлік әдеби шығармалар жазады. Қазан революциясынан кейін ол халық арасында Кеңес өкіметінің мәнін, оның саясатын насихаттаушылардың алдыңғы қатарында жүреді.

Кітапта Ыбырай Алтынсариннің халықтық қызметін көрсетуге бірсыпыра көңіл бөлінеді. Автор қазақ даласында алғаш мектептер ашқан, сол мектептердің біріне өзін оқуға орналастырған ағартушы – педагогтің образын жасайды, онымен кездесулерін әсерлі баяндайды. «Қара бақсының хикаясы», «Надандық құрбаны» атты тарауларында ескі ауылда етек жайып, оны рухани жүдеткен қараңғылық пен надандықты әшкерелейді. Ауылдағы тап тартысы, кедейлердің егіндік, шабындық жерлерін тартып алған байларға қарсы бой көтеруі, байлардың олардан «кек XX ғасыр басындағы революциялық оқиғалардың қазақ ауылына әсері, орыс большевиктерінің ісі, прогресшіл мақсаттағы оқытушылардың қызметтері кітапта нанымды баяндалады. Осы оқиғаларға ере автор өзі де өсе түседі. Кітаптың соңғы бөлімін Спандияр өзінің Кеңес өкіметі жылдарындағы қызметіне арнаған.

Спандияр Көбейұлы тек оқу – ағарту майданында ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиетінің тарихында да елеулі орын алады. Оның ағартушылық, педагогтік және жазушылық қызметі өзі өмір сүрген заманның талабынан туды, халықтың рухани тілегіне жауап берді.

Тарихымызға көз жүгірткенде халқымыздың мұғалімді ерекше құрметтеп, оқыған, тоқыған адамды, елге қызмет еткен, ұлтын сүйген, ерекше қадірлегендігін көреміз. Білімділік пен мұғалімге деген құрмет ғасырлар бойы жалғасын тапқан. М.Жұмабаевтың «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдердікі» – деген тұжырымдары сөзімізге дәлел. Мұғалім – ұлттық білім мен даналық қазынасының сақтаушысы болды. Осыдан жүз жыл бұрын Алаш зиялыларының елі үшін жасаған жанкешті еңбектері тарихтағы мұғалім, ұстаз бейнесін көрсетеді. Ұлт ұстазы атанған Ахмет

Байтұрсынов бастаған аз ғана шоғыр зиялыларымыз аласапыран заманда нағыз ұстаз ретінде қазақ баласын оқытып, тәрбиелеп те кетті. Олардың мұғалімдік бейнесі ұстаздықтың нағыз үлгісі. Жазған еңбектері әлі күнге дейін біздерге рухани тәрбие беріп жатыр.

Қазақ зиялылары өкілдері халыққа білім беру мәселесін жолға қоюда, алдымен оны халыққа түсіндіруді көздеген. Білім мәселесіне жеке адам мүддесі тұрғысынан емес, алдымен ұлт мүддесі, одан қалды адамзат мүддесі тұрғысынан қараған. Білім беру мәселесі тұрғысында жіберілетін қателіктерге де аса мән берген.

Педагог тұлғасының өзі, тәрбие берудің басты құралы болды. Сондықтанда, мұғалімде жоғарғы құндылықтар: жан – жақты білім, «ата – ана» рөлі, кәсіби талант, ерік – күш, өзін – өзі ұстай білу, талап қою, ашықтық, кешірімшілдікпен түсіністік қарастырылды.

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеев мұғалімнің беделі туралы қазіргі күнге де пайдасы зор құнды пікірлер қалдырды. Мәселен, «Әрине алғырлық та, тапқырлықта, ептілік те, икемділік те, табандылық та қажет. Бұлар оқытушының беделді болуының құралы болуға тиіс. Халық оқытушыны өзінің шын досы, ақыл айтар данасы, қараңғыда сәуле шашар шам – шырағы деп білу керек. Мұның үшін оқытушы ең алдымен өз оқушыларының алдында беделді болуы қажет. Оның бір негізгі шарты – оқытушының өз дәрісін жақсы меңгерген адам болуы былай тұрсын, оның берген сабағы оқушыға әрі түсінікті, әрі қонымды болуы қажет. Оқытушы әрбір сабаққа жақсы дайындалуы керек», – деген идеялары қазіргі ұстаз бейнесін қалыптастыру үшін де аса қажет. Халық мұғалімінің, оқытушының беделді болуы, оқудың сапалы болуы оқушылардың тиянақты білім алып, саналы тәрбиеленуін қамтамасыз етеді деген мазмұндағы тұжырымдары да маңызды.

С.Көбеев мұғалім беделін көтерудің үлгілерін: қоғамдық жұмыстарды белсене атқаруы қажеттілігін, педагогика ғылымын егжей – тегжейлі білуге міндетті екендігін, мұғалім өз пәнін өте жақсы білумен қатар, басқа пәндерден де хабары болғаны жөн екендігін, ол кластың құрамын, әр баланың жеке бас ерекшелігін зерттеп үйренгені дұрыстығын, балалар ұжымымен қоян – қолтық араласып, оларға талаптар қойып, олардың орындалып отыруын бақылауға міндетті екендігін, мұғалім жүріс – тұрысы, киген – киімі, сөйлеген сөзі арқылы үлгі болу керектігін, мұғалім баланы жақсы көруі қажеттілігін айтқан еді.

Мұғалім бейнесі туралы сөз қозғағанда бұрынғы уақыттарда ұстаз бен шәкірт қарым – қатынасының ерекше бір сыйластыққа, қайырымдылық мәнге ие болғандығы туралы жиі айтылады. Өйткені, ұстаздың жеке басы, яғни өзін – өзі ұстауы, білімі мен сөзі шәкіртіне үлгі бола білді.

Кеңес Одағы тұсында білім мазмұнының ұлттық сипатынан айырылғандығы шындық. Алайда, мұғалімге қойылатын талаптар арқылы жақсы мамандар тәрбиеленді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан білім беру саласында мұғалім мәртебесін көтеру, мұғалім мамандығына түсушілер арасында бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру, білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру сынды оңтайлы шаралар жүргізілуде. «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануының да тарихи маңызы зор. Аталған Заңда «Қазақстан Республикасында педагогтің ерекше мәртебесі танылады, бұл оның кәсіптік қызметін жүзеге асыруы үшін жағдайды қамтамасыз етеді» – деп жазылған. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында педагог кәсібінің мәртебесін көтеру және педагогикалық білім беруді жаңғырту өзекті мәселе екендігі атап көрсетілген. Осылайша, мұғалім мәртебесін биіктету мәселесі қолға алынуда.

Алайда, қоғамдағы ұстаз беделі заңға ғана байланысты көтерілмейді. Мұғалімнің негізгі міндеті, ең құнды әрі маңызды мәселе – қазіргі кездегі жаңа оқыту мен тәрбиелеу технологияларын меңгеріп, өз кәсібін әрі қарай дамыту. Ұстаз мәртебесін көтеретін – сол ұстаздың өзі. Қазіргі қоғамда кәсіби жақтан жоғары білікті, өзінің шығармашылығы мен біліктілігін үнемі көтеріп отыратын, заман талабына сай, құзіретті, жаңалыққа жақын жаңашыл ұстаз ғана қоғамда жоғары мәртебеге ие болып, беделі артатындығын өмір өзі дәлелдеп отыр.

Ата – ана баланың тағдырына бірінші жауапкер болса, мұғалім екінші жауапты адам. Нағыз ұстаз шәкіртін өзінен асыра тәрбиелеп, елге қызмет ететін тұлғаны қалыптастырады. Сондықтан да, мұғалім бейнесі арқылы қоғамның даму деңгейі айқындалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. Алматы: 1955 ж. 413 б.
2. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. Құраст.: Жармұхамедов М. Алматы, 1991 ж
3. «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман». Республикалық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қостанай, 2011 ж. 227 б.
4. Көбеев С. Орындалған арман. Алматы: Жазушы
5. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. Алматы: Мектеп
6. Қирабаев С. Шындық және шығарма. Алматы: Жалын, 1981 ж. 130 б.